

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі аудандық комиссия туралы

Шарбақты аудандық әкімшіятының 2002 жылғы 28 қазандағы N 219/14 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 12 қарашада N 1532 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 115-11 "Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне күш беру туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 "Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі Комиссия туралы тұрпатты қағиданы бекіту туралы" қаулысына, облыс әкімдігінің 2002 жылғы 28 ақпандағы N 40/3 "Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі облыстық комиссия туралы" қаулысына сәйкес, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздық мәселесін кешенді шешуді қамтамасыз ету мақсатында, олардың заңды мүдделері мен құқығын қорғау, сондай-ақ ауданның құқық қорғау, мемлекеттік, мемлекеттік емес органдарының және кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылық және қылмысты ескерту мәселесінде қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіру үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөнінде аудандық комиссия туралы қағида бекітілсін (1 қосымша).

2. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның құрамы бекітілсін (2 қосымша).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.С.Теміржановаға жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы
N 219/14 қаулысына 1 қосымша

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі аудандық комиссия туралы **Қағида**

1. Жалпы ереже

1. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі аудандық комиссия, қылмыспен құқық бұзушылықтың және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздық мәселесін кешенді шешу, олардың заңды мүдделері мен құқығын қорғауды қамтамсыз ету мақсатында құрылған орган болып саналады.

2. Комиссия жергілікті атқарушы орган әкімдік жанында ұйымдастырылады.

3. Аудан әкімінің аппарат қызметкерлерінің штат санынан комиссияның жауапты хатшысы және комиссияның 6-12 мүшелерінен комиссия төрағасы (аудан әкімінің

орынбасары) төрағасының орынбасары (ауданның ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары), құрамында комиссия ұйымдастырылады.

4. Комиссия ішкі істер органдарының білім және ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және басқадай ведомстволардың кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздықты және олардың заңды мүдделері мен құқығын қорғаудың алдын алуға мүдделі өкілдерін б і р і к т і р е д і .

5. Комиссия өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы қағида және қазақстан Республикасының басқадай нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ қазақстан Республикасының бекіткен халықаралық келісім шарттары негізінде жүзеге асырады.

6. Комиссия өзінің қызмет әрекетінде аудан әкімдігінің алдында жауапты.

7. Комиссия қызметі келесі қағидалармен негізделеді:

- заңдылықтар;
 - кәмелетке толмағандармен ізгі қарым қатынаста болу;
 - кәмелетке толмағандарға, ата-анасына немесе оның заңды өкілдеріне құрметпен қарау;
 - кәмелетке толмаған, ата-анасы немесе оның заңды өкілдері туралы жабық түрде ақпарат беру;
 - кәмелетке толмағанның ата-анасымен немесе заңды мүдделерімен құқық қорғау мәселесі жөнінде өзара әрекеттесу;
- лауазымды тұлғалар мен азаматтардың кәмелетке толмағандардың заңды мүдделері мен құқық бұзуына жауаптылығы.

2. Комиссияның мақсаты, міндеттері мен өкілеттігі

8. Комиссияның мақсаты аудан әкіміне, селолық округтердің әкімдеріне кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың заңды мүдделері мен құқығын қорғау мәселесі туралы баяндамалар, ұсыныстарды дайындау болып саналады.

9. Комиссияның негізгі міндеттері мен өкілеттігі:

1) аудандық селолық комиссиялардың қызметін кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау, оларға әдістемелік көмек көрсету жөнінде бағыттау;

2) кәмелетке толмағандардың заңды мүдделері мен құқығын қорғау, денсаулығын сақтауды қорғау жөнінде аймақтық бағдарламаларды әзірлеу, сондай-ақ өзінің біліктілігі шегінде кәмелетке толмағандардың еңбек және дем алуы, тәрбие, білім алуына; өмір сүру жағдайын жақсартуға бақылау жасауды жүзеге асыру.

3) кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы және қадағалаусыздық, құқық бұзушылық, қылмыстың алдын алу жөніндегі аймақтық бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

4) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздық және құқық бұзушылықтың себептерін айқындау, қылмысты алдын ала ескерту, балалар мен жасөспірімдерді

орналастыру жөнінде шараларды әзірлеу;

5) кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі селолық, аудандық комиссиялардың қабылдаған қаулылары мен шешімдерінің дәлелді екендігін тексеру, қабылданған шешімдерді дәлелсіз деп танылған жағдайда жергілікті сәйкес атқарушы органдарға оның күшін жою туралы ұсыныстар енгізу;

6) комиссия қаулысында көрсетілген кемшіліктерді жою жөнінде шара орындалмаған немесе қабылданбаған жағдайда лауазымды қызмет тұлғаларын жауапқа тарту туралы белгіленген тәртіпте ұсыныстар енгізуге;

7) мүдделі органдарға кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық, қадағалаусыздық және қоғамға қарсы іс-қимылдарының алдын алу жөніндегі жұмысының жағдайы туралы ақпарат беру;

8) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздық және құқық қорғау, қылмыстың алдын алу мәселесін шешуде балаларды тәрбиелеу және оқытумен айналысатын органдар мен ұйымдардың жағымды жұмыс тәжірибесін тарату және және қорыту, осы құрылымдарға ұйымдастырушылық әдістемелік көмек көрсету;

9) әділет органдарында белгіленген тәртіпте тіркеуге алынған қоғамдық бірлестіктер және діни ұйымдармен және басқадай ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздық және қоғамға қарсы іс-қимыл әрекеті, қылмыстың алдын алу мәселесі жөнінде және олардың заңды мүдделері мен құқығын қорғау туралы өз ара әрекеттесу;

10) кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқадай заңды өкілдердің кәмелетке толмағандардың заңды мүдделерін және құқығын шектеуге байланысты өтініштері мен шағымдарын қарау;

11) кәмелетке толмағандардың заңды мүдделері мен құқығын қорғау мәселесі бойынша белгіленген тәртіпте сотқа арыз беру;

12) кәмелетке толмағандардың қылмысқа, құқық бұзушылық пен қоғамға қарсы іс-қимылдар жасауына әсер ететін жағдайдың себебін талдау және айқындау, оларды жою жөніндегі шараларды анықтау;

13) білікті органдарға, білім беру, денсаулық сақтау, еңбекпен қамту, орналастыру жүйесінде және кәмелетке толмағандардың құқығын, заңды мүддесін қорғау сақтау жөнінде заңдарды бұзуды жою туралы ұсыныстар енгізу туралы бағыттау;

10. Комиссия қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі поселкелік комиссия ұйымдастыру туралы мәселені шешеді.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

11. Комиссияның қарауына келіп түскен материалдарды дер кезінде және дұрыс талдауды қамтамасыз ету мақсатында, оларды алдын ала комиссияның төрағасы немесе оның тапсыруымен орынбасары зерделейді.

12. Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай әр тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі.

13. Комиссия оның біліктілігіне қатысты мәселелер бойынша қаулы қабылдайды.

Мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің дауыс беруімен байланысты комиссия қаулы қабылдайды. Дауыс берушілер тепе-тең болған жағдайда, комиссия мәжілісі төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

14. Комиссия қаулысына оның мәжілісінде төрағалық етуші және жауапты хатшы қолын қояды және оны мәжілісте жариялайды.

Комиссияның нұсқаулары мен тапсырмаларын оның барлық мүшелері, аудан және селолық округтердің әкімдері, мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін міндетті болып с а н а л а д ы .

15. Комиссия мәжілісінде жауапты хатшы хаттама жүргізеді және онда келесідегідей көрсетіледі:

- комиссия мәжілісінің өткізілген орыны мен мерзімі;
- комиссия мәжілісіне қатысушы мүшелердің тізімі;
- қаралған материалдарының мазмұны;
- қаралған материалға қатысты тұлғаның аты-жөні, туған жылы, тұратын мекен-жайы, сондай-ақ материалды қарау үшін маңызы бар мәліметтер;
- комиссия мәжілісіне шақырылған тұлғаның келуі туралы мәлімдеме, сондай-ақ олардың міндеттері мен құқығы туралы түсініктеме;

Хаттамаға қоса берілуі тиісті:

- комиссия мәжілісінде қаралатын іс-әрекеттер туралы тұлғаларды тексеру кезінде дәлелденген заттар мен құжаттар;
- қаралған өтініштер, қолдаухаттардың нәтижесі;
- комиссия мәжілісінде қабылданған қаулылар мен ұсыныстардың жарияланғандығы туралы мәлімдеме;
- қабылданған қаулы мен ұсыныстарға шағымданудың тәртібі мен мерзімі жөнінде түсіндірілгендігі туралы мәлімдеме.

16. Кәмелетке толмағандардың қылмыс, құқық бұзуға, қоғамға қарсы іс-қимыл жасауына әсер ететін жағдайлардың себебін жою жөніндегі жұмысты зерделеу мақсатында, сондай-ақ комиссия мәжілісінде қаралған барлық істерді сақтауды және есепке алуды ұйымдастырады, өзінің аумағы шегінде есепке алынған деректерді қорытындылайды.

4. Комиссияның қаулысы мен ұсыныстарына шағымдану

17. Қаралған материалдар туралы комиссияның қабылдаған қаулысына қатысты тұлға, оның заңды өкілі, адвокат, сондай-ақ зәбірленуші сотқа шағымдануға болады.

18. Комиссия қаулысына сәйкес көшірмені алған күннен бастап 10 күн мерзімінде осы ұйымдастырылған комиссияның жанындағы атқарушы органға шағымдануға б о л а д ы .

19. Арыз берілген мерзімнен бастап сәйкес қаулыны орындау тоқтатылады.

20. Комиссия қаулысы жөнінде сотқа шағымданудың реті мен мерзімі қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленеді.

21. Комиссияның қаулысына қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіпте облыс прокуроры наразылық білдіре алады.

5. Материалдық техникалық қамтамасыз ету

22. Комиссия қызметін материалдық техникалық қамтамасыз ету аудан әкімінің аппаратына жүктеледі.

А у д а н ә к і м д і г і н і ң

2002 жылғы 28 қ а з а н д а ғы N 219/14

қаулысына 2 қосымша

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның құрамы

Теміржанова Гүлстан Сағынтайқызы	- аудан әкімінің орынбасары, комиссияның төрайымы
Афанасьев Николай Владимирович	- ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары
Рыбалко Валентина Евгеньевна	- ішкі саясат және спорт бөлімінің бас маманы, комиссияның хатшысы
Комиссия мүшелері:	
Смақова Қайыржан Тасболатқызы	- ішкі саясат және спорт бөлімінің бастығы
Бражник Владимир Павлович	- Шарбақты селосы әкімінің орынбасары
Демин Владимир Геннадьевич	- кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға инспекторы
Жаркенова Гаухар Төлешқызы	- аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы
Татаринцева Наталья Владимировна	- аудандық мәдениет бөлімінің бастығы
Глазинский Владимир Николаевич	- аудандық оқу бөлімінің бастығы
Кривцун Таисия Степановна	- халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы
Нұрғалиев Жұмагелді Жұмабайұлы	- мемлекеттік мекеме "Еңбекпен қамту орталығының" директоры
Никитенко Татьяна Анатольевна	- аудандық оқу бөлімінің маманы
Дрибас Нина Ивановна	- "Радуга" мектептен тыс атқарылатын істері орталығының директоры
Подлесная Галина Андреевна	- N 1 Шарбақты орта мектебінің директоры